



Нұр - Сұлтан қаласы "Ілияс Есенберлин" атындағы № 67 гимназия

Жакупова Куляй Хабибулловна, Сериккалиева Актоты Тлеповна
Бастауыш сынып мұғалімдері

Бастауыш сынып оқушыларының оқуын жетілдірудегі тиімді әдіс - тәсілдер

Зерттеу сұрағы: Бастауыш сынып оқушыларының оқуын жетілдіруде қандай әдіс - тәсілдер тиімді?

Зерттеу мақсаты: түрлі әдіс-тәсілдер арқылы қатарлас сыныптардың оқуындағы кедергілерді анықтау және жетілдіру

Барлық сынып бойынша мәтінмен жұмыс жасау кезінде көптеген қиындықтар кездесті. Мәтінді оқып қана қоймай, берілген тапсырмалармен жұмыс жасау қиын болды. Сондықтан осы мәселені шешу үшін түрлі тиімді тәсілдерді пайдаландық. Проблеманы шешу үшін «Біз не істей аламыз?», «Ол үшін қалай жұмыс жасаймыз?», «Қандай әдіс-тәсілді қолданамыз?» – деген сұрақтар айналасында талқылау жасалынды. Осы талқылаудағы ұсыныстарды және оқушы үнін ескере отырып, жоспар құрдық.

Жоспарды жүйелі жүргізу үшін, әр сынып қатарының сабағына қатысып, сынып қатарларының деңгейін тексердік.

Пайдаланған әдебиеттер:

Lesson Study: Нұсқаулық. Алматы, 2014

«Интерактивті оқыту әдісін қолданып сабақты жоспарлау және басқару» Алматы, 2014

Мұғалімге арналған нұсқаулық. Екінші (негізгі) деңгей. Үшінші басылым. Астана, 2014

Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері. Оқу құралы. Алматы, 2013

Мектептегі іс-әрекетті зерттеу. Әдістемелік құрал.

Құдайбергенова К.С. Алматы, 2013

Зерттеу мақсатында проблеманы анықтау үшін:


- «МЕН» социограммасының нәтижесі.




- Сұхбат нәтижесінде сыныпта интеллект карта ұйымдастырылды



- Қай пәнді ұнатады?



- Қай үйірмеге қатысады?



Зерттеудің нәтижесінде нені көрсетеді?

- Мұғалімдер арасында кәсіби диалогты қалыптастырып, дамытады. Lesson Study мұғалімдердің кәсіби біліктілігін көтерудің, білім жетілдірудің, тәжірибе алмасудың оңтайлы әдісі екендігіне көзіміз жетті.
- Мұғалімдер оқушылардың білім қажеттіліктеріне жұмыс жасауға үйрендік. Оқушы үнін тыңдау, оқушыға мүмкіндік беру, олармен бірлесе жұмыс жасауды түсіндік. Алға қойған мақсатқа жету үшін, оқушыны назардан тыс қалдырмауды меңгердік.
- Бағдарламаны, ғылыми тұжырымдамаларды терең түсінуге көмектеседі. Оқушы тақырыпты жақсы меңгеруі үшін бірнеше сабақ бойы түрлі әдістерді қолданып, бақылап, зерттеп, соңында тиімді тәсілді анықтау арқылы жетістікке жетуге болады.
- Оқушының оқуы жақсарды. Себебі, әр сабақтан кейін кері байланыс жүргізу арқылы, өзіміздің кемшіліктерімізді түзетуге тырыстық.
- Функционалдық сауаттылығы дамыды. Оқушылар мәтінмен жұмыс жасауды меңгерді. Мәтінді оқып қана қоймай, оның соңында берілген тапсырмалармен дұрыс жұмыс жасауға дағдыланды. Мысалы, тақырыпқа сай «Бес жолды өлең» құрастыру, семантикалық картамен жұмыс жасау, «Инсерт» әдісі, «Бинго» әдісі, ВЕЕН диаграммасын толтыру сұрақтарға жауап беру, ойларын ашық жеткізуге тырысты. <https://youtu.be/RUHMElv7G98>

